



Наименование области: город Нур-Султан

Наименование суда: Верховный Суд Республики  
Казахстан (Кассационная  
инстанция)

Отправитель: ЖУМАБАЕВА КАМШАТ  
ДАРЯБАЕВНА

## ПИСЬМО

Қазақстан Республикасы

Жоғарғы сотының төрағасы Ж.Асановқа

Маңғыстау облыстық сотының төрағасы Б.Әметовке

Жаңаөзен қалалық сотының төрағасы Б.Қ.Тоқбаевқа

Жумабаева Камшат Дарябаевна

Алғыс хат

Жаңаөзен қалалық сотының татуластырушы судьясы С.Махамбетоваға

«ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ 2021 жылы қараша айында жұмыстан заңсыз босатты.

Бұл әділетсіздікке шыдамай өз құқықтарымды қорғау үшін өзімнің тұрғылықты мекен-жайым бойынша 2022 жылы қаңтар айында Маңғыстау облысының Жаңаөзен қалалық сотына талап қоюшы ретінде мен Ж.К. жауапкер «ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІН сотқа бердім. Талабым бұрынғы жұмысқа қайта орналастыру және бұйрықты заңсыз деп тану туралы. Аталған талап арыз Жаңаөзен қалалық сотының татуластырушы судьясы С.Махамбетоваға берілді. Жаңаөзен қалалық сотының татуластырушы судьясымен аталған дауды алдын-ала жан-жақты өзара медиациялық келісімен шешу үшін тараптарға тереңірек түсіндіріп, 3 күн уақыт беріп, дауды медиациялық келісім арқылы шешуге мерзім берілді. Аталған мерзімді ұтымды пайдаланып дауды өзара медиациялық тәртіппен шешкен жағдайда алдағы уақытта көптеген даудың алдын алып істі нәтижелі түрде шешу үшін және сотқа дейінгі хаттаманы толтыру үшін уақыт тағайындалды.

Подписал(а) ЖУМАБАЕВА КАМШАТ ДАРЯБАЕВНА



Осы уақыт аралығында Жаңаөзен қалалық сотының татуластырушы судьясы тарапынан дауды өзара медиациялық түрде шешу үшін түсіндіргенін басшылыққа алып, талап қоюшы Ж.К. жауапкер «Жалпы білім беретін мектеп» КММ-мен арадағы дауы заңды түрде шешілді.

Бұл туралы Жаңаөзен қалалық сотының татуластырушы судьясына дауды өзара медиация жолымен бекітіп беру туралы өтініш келтіріліп, аталған өтініш сот ұйғарымымен бекітіліп, дау оң нәтижемен шешілді.

Осы дауды сотқа дейін татуластырушы судьяның бітімге келіп шешудің маңыздылығы және сот шығындарымен уақытты үнемдеудің тиімділігін түсіндірудің нәтижесінде біздер ортақ келісімге келдік.

Осы дау Жаңаөзен қалалық сотының татуластырушы судьясы С.Махамбетоваға және сот хатшысы А.Сарыеваға 2021 жылдың қараша айынан бері шешімін таппаған дауды 3 күн ішінде судьяның біліктілігінің және хатшының ұйымдастырушылығының арқасында дауды шешіп бергені үшін үлкен алғысымызды білдіремін.

Құрметті!!! Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының төрағасы Жақып Асанов мырза және Маңғыстау облысытық сотының төрағасы Б.Әметов мырза және Жаңаөзен қалалық сотының төрағасы Бауыржан Токбаев мырза Сіздерге алғысым шексіз, осындай жақсы маман ретінде қызметкерлерді жұмысқа тартуыңыздың арқасында осындай жетістікке жетіп отырған жәйім бар. Біздердің үмітіміз біздің сот болғандықтан соттан қандай жағдайда болмасын әділдікті, үлкен жауапкершілікті күтеміз. Сондықтан Жаңаөзен қалалық сотының татуластырушы судьясы С.Махамбетоваға алғысымызды білдіреміз.

Талап қоюшы: К. Жумабаева

#### Перечень прилагаемых документов:

1. Алғыс хат Жанаозен қалалық сотының судьясы Махамбетова.docx

Подписал(а) ЖУМАБАЕВА КАМШАТ ДАРЯБАЕВНА